

Отырар ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2023 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Отырар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 12 мамырдағы № 2/13-VIII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 17 мамырда № 6274-13 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Отырар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 3 қарашадағы № 7/47-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Отырар аудандық мәслихатының 03.11.2023 № 7/47-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 2-10 тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы № 787 қаулысына сәйкес, Отырар ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда – болу құнының 1 (бір) пайызы бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Отырар ауданының мәслихатының төрағасы

У. Ұзақов